

Мемлекеттік қызмет туралы заңдарды және сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңдарды сақтау мәселесі жөнінде Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының қызметіне тексеру жүргізудің ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі агенттігі төрағасының 2000 жылғы 13 шілде N 02-1-7/81 бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2000 жылғы 25 шілдеде тіркелді. Тіркеу N 1202. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Төрағасының м.а. 2013 жылғы 06 тамыздағы № 06-7/112 бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Төрағасының м.а. 06.08.2013 № 06-7/112 бұйрығымен.

Ескерту: Бұйрықтың атауына өзгерту енгізілді - ҚР Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі агенттігінің 2007.09.03. N 02-01-02/113 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) бұйрығымен.

Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 23 шілдедегі "Мемлекеттік қызмет туралы" Заңының 5 бабы 1 тармағының 9), 11)-13) тармақшаларына, Қазақстан Республикасы Президентінің 1999 жылғы 3 желтоқсандағы N 280 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі агенттігі туралы ережесінің 10 тармағының 3)-7) тармақшаларына сәйкес
Б ұ й ы р а м ы н :

1 . М ы н а л а р б е к і т і л с і н :

1) қоса беріліп отырған Мемлекеттік қызмет туралы заңдарды және сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңдарды сақтау мәселесі жөнінде Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының қызметіне тексеру жүргізудің тәртібі туралы ереже;

2) а л ы н ы п т а с т а л д ы .

3) а л ы н ы п т а с т а л д ы .

4) а л ы н ы п т а с т а л д ы .

Ескерту: 1-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі агенттігі Төрағасының 2005.04.07 N 02-01-02/46 бұйрығымен.

2. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі агенттігі аумақтық бөлімшелерінің басшылары есепті айдан кейінгі айдың 5-жұлдызынан кешіктірмей, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі агенттігінің Мемлекеттік қызметті құқықтық қамтамасыз ету департаментіне N А -1 нысаны бойынша ай сайын түсіндірме жазба қосымшасымен есеп беріп
о т ы р с ы н .

3. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңдарды сақтау мәселесі жөнінде тексеру, қолданыстағы заңдармен бекітілген Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі агенттіктің өз құзыреті шегінде жүргізілсін.

4. Осы бұйрық тиісті әділет органдарында тіркелген күннен бастап күшіне енеді.

Төраға

Қазақстан Республикасы
Мемлекеттік қызмет істері
жөніндегі агенттігі төрағасының
2000 жылғы 13 шілдедегі
N 02-1-7/81 Бұйрығымен
Бекітілген

**Мемлекеттік қызмет туралы заңдарды және
сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңдарды сақтау
мәселесі жөнінде Қазақстан Республикасы мемлекеттік
органдарының қызметіне тексеру жүргізудің
ЕРЕЖЕСІ**

Ескерту: Ереженің атауына өзгерту енгізілді - ҚР Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі агенттігінің 2007.09.03. N 02-01-02/113 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) бұйрығымен.

1. Жалпы ереже

1. Осы Ереже Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі агенттігі (бұдан әрі - Агенттік) мен оның аумақтық бөлімшелерінің Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарына мемлекеттік қызмет туралы заңдарды сақтау мәселесі жөнінде тексеру жүргізудің тәртібін белгілейді.

2. Агенттік пен оның аумақтық бөлімшелерінің бақылау функцияларын іске асырудың құқықтық негізі Қазақстан Республикасының Конституциясы, қолданыстағы Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет туралы заңдары және сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңдар, сондай-ақ өзге де нормативті құқықтық актілер болып табылады.

**2. Агенттік пен оның аумақтық бөлімшелерінің
бақылау функцияларын іске асырудың негізгі бағыттары**

3. Агенттік пен оның аумақтық бөлімшелерінің бақылау функцияларын іске асырудың негізгі бағыттары, тексеру жүргізген кезде Қазақстан Республикасы

мемлекеттік органдарының өз қызметтерінде Тізімге сәйкес (N 1 қосымша) нормативті құқықтық актілерді сақтауын бақылауды жүзеге асыру болып т а б ы л а д ы .

Тексерудің нақты міндеті Тексеру белгілеу туралы бұйрықта және Тексерудің мәселелер тізімінде әрқайсысы жеке жағдайда анықталады.

Ескерту: 3-тармаққа өзгертулер енгізілді - ҚР Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі агенттігі Төрағасының 2005.04.07 N 02-01-02/46 бұйрығымен.

4. Тексеру жүргізу процесінде және олардың нәтижесі бойынша Агенттік пен оның аумақтық бөлімшелері құқылы:

1) мемлекеттік органдар мен ұйымдардан, лауазымды тұлғалардан өз міндеттері мен функцияларын іске асыру үшін қажетті ақпараттарды (мәліметтер, түсіндірмелер, құжаттардың көшірмесі, құжаттардың түпнұсқасымен тікелей танысу жолдары түріндегі және т.б.) сұрау және алуға;

2) бақылау жөніндегі жұмысқа келісім бойынша басқа мемлекеттік органдардың және ұйымдардың қызметкерлерін, сондай-ақ өзге де ұйымдардың қызметкерлерін консультанттар мен сарапшылар ретінде тарту;

3) келісім бойынша прокуратура, ұлттық қауіпсіздік органдарымен, республиканың өзге де мемлекеттік органдарымен бірлесе тексеру жүргізу;

4) мемлекеттік органдарға және лауазымды тұлғаларға мемлекеттік қызмет туралы заңдарды және сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңдарды бұза отырып қабылдаған шешімдерін жою немесе өзгерту туралы ұсынымдама енгізу;

5) анықталған заң бұзушылықты жоюға қажетті шараларды қабылдау.

3. Тексеруді ұйымдастыру және жүргізу

5. Тексеруді Агенттік және оның аумақтық бөлімшелерінің қызметкерлері оны белгілеу туралы бұйрыққа сәйкес жүргізеді. Тексеру жүргізу кезінде бекітілген Ағымдағы жылға арналған мемлекеттік органдарға тексеру жүргізудің жоспар-кестесіне сәйкес, тексеру белгілеу туралы қосымша бұйрық шығаруды т а л а п е т п е й д і .

6. Мемлекеттік органның қызметіне тексеруді белгілеу және жүргізу туралы бұйрықты Агенттік Басшылығы мына негізде шығарады:

1) Елбасының, Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің, Қазақстан Республикасы Үкіметінің тапсырмасы;

2) мемлекеттік қызмет туралы заңдарды қолдану бойынша мемлекеттік органдар мен лауазымды тұлғалардың құқықсыз әрекеттеріне азаматтардың, мемлекеттік қызметшілердің арыздары мен шағымдары және мемлекеттік органдар мен өзге де заңды тұлғалардың шағымдары;

3) мемлекеттік қызмет туралы заңдардың бұзылуы туралы БАҚ-да

жарияланған немесе басқа көздерден алынған өзге де ақпараттар.

7. Жергілікті мемлекеттік органдардың қызметіне тексеру белгілеу және жүргізу туралы бұйрықты осы Ереженің 6 тармағының 2) және 3) тармақшаларында қарастырылғанындай, сондай-ақ Агенттік Басшылары тапсырмасының негізі бойынша Агенттіктің аумақтық бөлімшесі басшысы шығарады.

8. Қазақстан Республикасының орталық мемлекеттік органдарының және олардың ведомстволарының қызметіне тексеруді Агенттіктің қызметкерлері, ал жергілікті мемлекеттік органдардың және орталық мемлекеттік органдардың аумақтық бөлімшелері мен олардың ведомстволарын - өз құзыреті шегінде Агенттіктің аумақтық бөлімшелерінің қызметкерлері, ал қажет болған жағдайда Агенттіктің де қызметкерлері тексереді.

9. Агенттіктің аумақтық бөлімше басшылығы бекітетін Жергілікті мемлекеттік органдардың қызметін тексерудің жоспар-кестесі Агенттік басшылығымен келісілуі тиіс.

10. Мемлекеттік қызмет туралы заңдардың сақталу мәселесі жөніндегі тиісті мемлекеттік органның қызметіне тексеру жүргізуде (жеке дәлелдер бойынша жеке немесе жалпы белгілі кезеңге), оның қызметін реттейтін және сипаттайтын нормативті құқықтық актілерді, материалдарды алдын-ала мұқият зерделеу қажет.

11. Бар материалдар мен өзге мәліметтерді талдау негізінде, тексеру алдында анықталуы қажет нақты Мәселелердің тізімі әзірленеді. Осыны ескере отырып, тексеру жүргізу үшін топтың құрамы іріктеледі.

12. Басқа мемлекеттік органдар ұйымдастыратын тексеруге Агенттік пен оның аумақтық бөлімшелері қызметкерлерін қосу, тек Агенттік пен оның аумақтық бөлімшелер басшылығының шешімі бойынша және де сондай қажеттіліктен келісу туралы жазбаша өтініш негізінде жүргізіледі.

13. Тексеру басталар алдында Агенттік немесе оның аумақтық бөлімше қызметкері (бұдан әрі - тексеруші тұлға) тексеретін мемлекеттік органның басшысын (немесе оның орынбасарын) тексерудің белгіленгені туралы бұйрықпен (жоспарлы тексеру жағдайында Ағымдағы күнтізбелі жылға арналған тексеру жүргізудің жоспар-кестесінің көшірмесімен), тексеруге жататын мәселелер тізімімен таныстырады.

14. Тексеру жүргізудің мерзімі алда тұрған жұмыс көлемі, қойылған міндет пен қызметкерлер тобының құрамы ескеріп белгіленеді, бірақ тәртіп бойынша тексеру басталған күннен бастап, 15 күнтізбелік күннен аспауы керек.

15. Төтенше жағдайларда, тексеруші тұлғаның бір мезетте бірнеше тексеру жүргізген кезінде, тексеру жүргізудің мерзімі тексеру басталған күннен бастап, 30 күнтізбелік күннен аспауы керек.

16. Жүргізілген тексерудің нәтижесі туралы анықтамалық жасалынған күн, тексерудің аяқталған күні болып саналады.

17. Тексеру барысында тексеруші тұлға үлгілік тізімге (2 қосымша) сәйкес, мемлекеттік органның қызметін сипаттайтын барлық қажетті құжаттар мен мәліметтерді мұқият зерделеуі тиіс. Бұл ретте тексеруші тұлға сондай-ақ басқа да қажетті құжаттарды талап ете алады.

18. Тексеруші тұлғаның сұрауы бойынша тексерілуші мемлекеттік органның лауазымды тұлғасы қажетті құжаттарды белгіленген мерзімде бермеген жағдайда, себебіне байланыссыз (жоғалғандығы, жауапты қызметкердің орнында болмауы және т.б.) тексеру туралы анықтамада сол құжаттар мен материалдардың жоқтығы туралы тиісті жазба жасалынады. Аталмыш құжаттарды ұсыну мерзімін, оларды ұсынуды қоя тұру туралы деректі өтініш түскен жағдайда тексеруші тұлға ұзартуы мүмкін.

4. Тексерудің нәтижесін ресімдеу және оларды іске асыру тәртібі

19. Тексеруші тұлғаның (тексеруші тұлғалардың) тексеруді аяқтауы бойынша мемлекеттік органның аты, тексерілген күні, оның қай кезеңге жүргізілгендігі көрсетілген, мемлекеттік органның қызметіндегі табылған қателіктерді баяндаған барлық ұсыныстармен оның нәтижесі туралы анықтама жасалынады.

20. Анықтама жасау кезінде тексеруші тұлға мына талаптарды сақтауы керек:

1) Табылған заң бұзушылық дәлелдерді тиісті нормативтік құқықтық актілердің нормасына сілтеме жасап, қажетті құжаттар мен өзге де мәліметтердің көшірмесін анықтамаға қосымша тіркеп, жүйелі, объективті, нақты және е г ж е й - т е г ж е й б а я н д а у ;

2) Анықтаманың мәтіні қажет болған жағдайда анықтаманың қосымшасында көрініс табуы тиіс әртүрлі кестелермен, анықтамалық мәліметтермен, біртектес қателіктерді қайталап тізбелейтін арзан қолды деректермен толтырылмауы тиіс;

3) анықтамада табылған қателіктер туралы тек нақты, негізі бар және құжат бойынша расталған мәліметтер көрсетілуі қажет (күні және құжаттың нөмірі, нормативті құқықтық актінің атауы, заң бұзушылықтың мазмұны және т.б.);

4) анықтамаға әрқилы түрдегі түйіндер, тиісті құжаттармен расталмаған пайымдаулар мен мәліметтерді қосуға жол берілмейді.

21. Анықтамаға тексеруші тұлға мен тексерілген мемлекеттік органның және оның кадр қызметі басшысы (жауапты хатшы лауазымы енгізілген мемлекеттік органдарда, жауапты хатшы) қол қояды. Анықтама екі данада жасалынады, оның бірі тексерілген мемлекеттік органда қалдырылады.

Ескерту: 21-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Мемлекеттік қызмет істері

жөніндегі агенттігінің 2007.09.03. N 02-01-02/113 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2 -тармақтан қараңыз) бұйрығымен.

22. Тексеруші тұлғалардың үлкен тобы тексеру жүргізген кезде, анықтамаға барлық тексеруші тұлғалардың атынан тек бір ғана аталмыш топтың жетекшісі қ о л қ о я д ы .

23. Анықтама бойынша тексерілген мемлекеттік органның басшысы, ал жауапты хатшы лауазымы енгізілген мемлекеттік органдарда, жауапты хатшы тарапынан (оның кадр қызметі) қарсылық немесе ескертулер болған кезде, олар немесе анықтамаға қол қоятын басқа тұлғалар, өзінің қол қояр алдында ол туралы ескерту жасайды және анықтамамен танысқан күннен бастап үш күннің ішінде жазбаша түсіндірме (ескерту) ұсынады.

Ескерту: 23-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі агенттігінің 2007.09.03. N 02-01-02/113 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2 -тармақтан қараңыз) бұйрығымен.

24. Тексеру жүргізудің қорытындысы туралы анықтамаға қол қоюдан мемлекеттік органның басшылары, ал жауапты хатшы лауазымы енгізілген мемлекеттік органдарда, жауапты хатшылар және басқа қызметкерлері бас тартқан жағдайда, тексеруші тұлға тиісті акты жасап, ол анықтаманың бір данасымен қоса тексерілген мемлекеттік органның кеңсесіне беріледі, анықтаманың екінші данасына корреспонденциялардың кіріс журналында ұсынылған материалдарды тіркеу туралы белгі соқтырып алады. Төтенше жағдайларда тексерудің нәтижесі туралы анықтама тексерілген мемлекеттік органның атына қызмет бабындағы корреспонденция ретінде шабармандық (фельдъегерлік) байланыс арқылы Агенттікке немесе оның аумақтық бөлімшелеріне жолдануы мүмкін.

Ескерту: 24-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі агенттігінің 2007.09.03. N 02-01-02/113 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2 -тармақтан қараңыз) бұйрығымен.

25. Әрбір тексеру аяқталғаннан кейін тексеруші тұлға анықтаманы материалдарымен Агенттіктің немесе оның аумақтық бөлімшелерінің басшылығына береді, олар тексерудің материалдарын қарап, сол бойынша тиісті ш е ш і м қ а б ы л д а й д ы .

26. Агенттік пен оның аумақтық бөлімшелерінің басшылығы тексерудің анықтамалығы мен материалдарын қарау нәтижесі бойынша мынадай шешім қ а б ы л д а й д ы :

1) табылған мемлекеттік қызмет туралы заңдарды және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы заңдарды бұзушылықты жою туралы ұсыныспен тексерілген мемлекеттік органның (немесе оның жоғары тұрған мемлекеттік органына) басшысының, ал жауапты хатшы лауазымы енгізілген

мемлекеттік органдарда, жауапты хатшының атына хат жолдау және тиісті мерзімде қараудың нәтижесі туралы Агенттікке немесе оның аумақтық бөлімшесіне мағлұмдау туралы;

2) анықтамада және ұсынылған материалдарда баяндалған ақпаратты назарға алу туралы.

Ескерту: 26-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі агенттігінің 2007.09.03. N 02-01-02/113 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) бұйрығымен.

27. Тексеру материалдары бойынша тексерілген мемлекеттік орган басшысының атына ұсыныс хат Агенттік бастығының немесе оның аумақтық бөлімшелер бастықтарының немесе оларды алмастыратын тұлғалардың қолымен жолданады.

28. Заңдардың бұзылуын жою туралы ұсыныстарды мемлекеттік органның басшылығы, ал жауапты хатшы лауазымы енгізілген мемлекеттік органдарда, жауапты хатшы орындамаған жағдайда Агенттік Басшылығы немесе оның аумақтық бөлімшелері мына шараларды қабылдай алады:

1) мемлекеттік қызмет туралы заңдардың бұзылуы тәрізді дәлелдер туралы және тиісті мемлекеттік органның оларды жою шараларын қабылдамауын прокуратура органына және Қазақстан Республикасының өзге де мемлекеттік органына мағлұмдайды;

2) мемлекеттің мүддесін қорғау туралы қарсы арызбен сот органына шағымданады.

Ескерту: 28-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі агенттігінің 2007.09.03. N 02-01-02/113 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) бұйрығымен.

29. Агенттіктің аумақтық бөлімшесі жүргізген тексеру материалдары бойынша өрескел заң бұзушылық және жергілікті мемлекеттік органдардың басшысы тарапынан заңды теріс пайдаланушылық табылған жағдайда, ол туралы Агенттіктің Басшысына мағлұмданады. Бұл материалдар талап ету жағдайында Агенттіктің атына жіберіледі немесе Агенттік Басшысының тапсырмасы бойынша Қазақстан Республикасының құқық қорғау органына беріледі.

30. Жүргізілген тексерулердің нәтижелері және тексеру барысында анықталған тәртіп бұзушылықтар, олар бойынша қабылданған шаралар жөнінде Агенттіктің аумақтық бөлімшелері есепті айдан кейінгі айдың 5-жұлдызынан кешіктірмей Агенттікке (Мемлекеттік қызметті құқықтық қамтамасыз ету департаменті) есепке түсіндірме жазбаны қосып, А-1 нысаны (3 қосымша) бойынша ай сайын есеп беріп отырады, онда тексерулер жөніндегі нақты мысалдар көрсетіледі.

Мемлекеттік қызмет туралы
заңдарды және сыбайлас
жемқорлыққа қарсы заңдарды
сақтау мәселесі жөнінде
Қазақстан Республикасы
мемлекеттік органдарының
қызметіне тексеру жүргізудің
тәртібі туралы ережесіне
N 1 қосымша

Ескерту: Қосымша жаңа редакцияда - ҚР Мемлекеттік қызмет істері
жөніндегі агенттігі Төрағасының 2005.04.07 N 02-01-02/46 бұйрығымен.

Нормативті құқықтық актілердің тізімі

1. "Мемлекеттік қызмет туралы" 1999 жылғы 23 шілдедегі N 453 Қазақстан Республикасының Заңы ;
2. "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы" 1998 жылғы 2 шілдедегі N 267 Қазақстан Республикасының Заңы ;
3. "Мемлекеттік әкімшілік қызметші антының мәтінін және Мемлекеттік әкімшілік қызметшілердің ант беру тәртібін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1999 жылғы 29 желтоқсандағы N 319 Жарлығы ;
4. "Қазақстан Республикасының мемлекеттік әкімшілік қызметшілеріне тәртіптік жаза қолдану ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1999 жылғы 31 желтоқсандағы N 321 Жарлығы ;
5. "Мемлекеттік әкімшілік қызметшілерді аттестациядан өткізу ережелерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2000 жылғы 21 қаңтардағы N 327 Жарлығы ;
6. "Мемлекеттік қызмет өткеру тәртібі туралы ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2000 жылғы 10 наурыздағы N 357 Жарлығы ;
7. "Мемлекеттік қызметтің кадр резерві туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 4 желтоқсандағы N 1243 Жарлығы ;
8. "Мемлекеттік әкімшілік қызметшілер лауазымдарының санаттары бойынша тізілімін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2004 жылғы 17 қаңтардағы N 1282 Жарлығы ;
9. "Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметшілерін қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыру ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2004 жылғы 11 қазандағы N 1457 Жарлығы ;
10. "Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің ар-намыс кодексі

туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2005 жылғы 3 мамырдағы N 1 5 6 7 Ж а р л ы ғ ы ;

11. "Мемлекеттік қызметшілердің мүлкін сенімді басқаруға берудің тәртібі туралы ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 20 қаңтардағы N 99 қаулысы ;

12. "Бос әкімшілік мемлекеттік лауазымдарға орналасуға конкурс өткізудің қағидасы" Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі агенттігі төрағасының 1999 жылғы 24 қарашадағы N А-202 бұйрығы (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде N 986 болып тіркелген);

13. "Мемлекеттік органдардың басшыларын (әкімшілік мемлекеттік қызметшілерді) аттестациялауды өткізу үшін аттестациялық комиссиялар құру ережелерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі агенттігі төрағасының 2002 жылғы 26 маусымдағы N 02-2-4/88 бұйрығы (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде N 1914 болып тіркелген) ;

14. "Мемлекеттік қызметшілердің қызмет тізімі үлгісін бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі агенттігі төрағасының 2003 жылғы 29 сәуірдегі N 02-01-02/59 бұйрығы (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде N 2290 болып тіркелген);

15. "Бос әкімшілік мемлекеттік лауазымдарға орналасуға үміткерлерді және аттестациядан өтуге тиісті болған әкімшілік мемлекеттік қызметшілерді тестілеуді өткізу нұсқау, тестілеу программалары және тестілеу нәтижесінің шекаралық мәнін бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі агенттігі төрағасының 2003 жылғы 30 сәуірдегі N 02-01-02/60 бұйрығы (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде N 2291 болып тіркелген) ;

16. "Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметтің кадрлар басқармасының ақпараттық жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі агенттігі төрағасының 2003 жылғы 8 шілдедегі N 02-01-02/88 бұйрығы (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде N 2541 болып тіркелген);

17. "Мемлекеттік әкімшілік лауазымдарының санаттарына Типтік біліктілік талаптарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі агенттігі төрағасының 2004 жылғы 23 қаңтардағы N 02-01-02/9 бұйрығы (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде N 2697 болып тіркелген) ;

18. "Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік қызмет Академиясында, мемлекеттік қызметшілерді қайта даярлау және олардың біліктілігін арттырудың аумақтық орталықтарында, өзге білім беру ұйымдарында

Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметшілерін қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыруды ұйымдастыру ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі агенттігі төрағасының 2004 жылғы 24 желтоқсандағы N 02-01-02/138 бұйрығы (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде N 3339 болып тіркелген);

19. "Шет елге біліктілігін арттыруға жіберілетін мемлекеттік қызметшілерді іріктеу жөнінде конкурс өткізу ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі агенттігі төрағасының 2005 жылғы 5 ақпандағы N 02-01-02/15 бұйрығы (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде N 3449 болып тіркелген).

Мемлекеттік қызмет туралы
заңдарды және сыбайлас
жемқорлыққа қарсы заңдарды
сақтау мәселесі жөнінде
Қазақстан Республикасы
мемлекеттік органдарының
қызметіне тексеру жүргізудің
тәртібі туралы ережесіне
N 2 қосымша

**Тексеру жүргізу кезіндегі оқып, зерделеуге
жататын құжаттар мен мәліметтердің
үлгі тізімі**

Ескерту: Алынып тасталды - ҚР Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі агенттігі Төрағасының 2005.04.07 N 02-01-02/46 бұйрығымен.

Мемлекеттік қызмет туралы
заңдарды және сыбайлас
жемқорлыққа қарсы заңдарды
сақтау мәселесі жөнінде
Қазақстан Республикасы
мемлекеттік органдарының
қызметіне тексеру жүргізудің
тәртібі туралы ережесіне

N 3 қосымша

**200__ жылғы _____ мемлекеттік қызмет туралы заңдар
мен сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес заңдарының
сақталу мәселесі жөніндегі жергілікті мемлекеттік**

**органдардың қызметіне жүргізілген тексерудің нәтижесі
туралы облысы (қаласы) бойынша Қазақстан Республикасы
Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі
агенттік басқармасының
ЕСЕБІ**

**Ескерту: Алынып тасталды - ҚР Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі
агенттігі Төрағасының 2005.04.07 N 02-01-02/46 бұйрығымен.**

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК